ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН

8 маусым 2020 жыл ic № 7540-20-00-2/914 Алматы қаласы

Алматы қаласы Әуезов ауданының №2 аудандық соты, судья Г.М.Абимұраттың төрағалық етуімен, хатшылықты Кожамжаров А.Е., ашық сот отырысында азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Бакиров Байтанатар Шакенович

ЖАУАПКЕР:
Сейтанов Сайлаубай Турсынович

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Қарызды өндіріп алу туралы

СОТТА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшы Бакиров Б.Ш.
Талап қоюшының Бакиров Б.Ш. сенімді өкілі Абдрахманов Е.Д.
Жауапкер Сейтанов С.Т.
Жауапкердың Сейтанов С.Т. сенімді өкілі Досымов Ж.Т.

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

24.12.2018 жылы, жауапкер Сейтанов С.Т., талап қоюшы Бакировтан Б.Ш. 45 000 АҚШ долларын қарызға алып, ол жөнінде 24.12.2018 жылы қол хат жазып, алған қарызды 2019 жылдың мамыр айына дейін қайтаруды міндеттенген. Бірақ қол хатта белгіленген мерзімде, жауапкер, талап қоюшыдан алған қарыз ақшасын қайтармаған.

Осыған байланысты, талап қоюшы жауапкерден 45 000 АҚШ долларын қарыз ақшаны және мелекеттік баж шығындарын өндіруді сұрап, сотқа аталған талап қою арызымен жолданған. Сондықтан аталған іс бойынша жауапкердің алған қарызы бойынша 01.06.2020 ж. АҚШ долларының теңгеге шаққандағы курс бағамы: 1=412,41 теңгені құрауда. Сол себепті 45 000 АҚШ доллары 18 558 450 теңгені құрап отыр.

Талап қоюшы Бакиров Б.Ш., сот отырысында талап қою арызын толығымен қуаттап, жауапкер Сейтановтың С.Т., талап қою арызын толығымен қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер Сейтанов С.Т. талап арызды толығымен мойындамады, соттан жауапкердің қарсы пікірінде көрсетілген мән-жайларға сүйене отырып, талап арызд қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Сот, талап қоюшының түсініктемесін тыңдап және талап қоюшының ұсынған дәлелдемелерін зерттей келе, төменде көрсетілген негіздер бойынша талап қоюшының талап қою арызы толығымен қанағаттандырылуы тиіс деп есептейді.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - ҚР-ның АК-нің) 7 бабына сәйкес, азаматтық құқықтар мен міндеттер заңдарда көзделген негіздерден, сондай-ақ азаматтар мен заңды тұлғалардың әрекеттерінен пайда болады, өйткені ол әрекеттер азаматтық заңдарда көрсетілмегенімен, олардың жалпы негіздері мен мәніне байланысты азаматтық құқықтар мен міндеттерді туғызады.

Осыған сәйкес азаматтық құқықтар мен міндеттер, заңдарда көзделген шарттар мен өзге де мәмілелерден, сондай-ақ заңдарда көзделмегенімен, оларға қайшы келмейтін мәмілелерден пайда болады.

24.12.2018 жылғы қол хатқа сәйкес, жауапкер Сейтанов С.Т., талап қоюшы Бакировтан Б.Ш., 45 000 АҚШ долларын қарызға ақша алып, алған қарызды 2019 жылдын мамыр айына дейін қайтаруды міндеттенген.

Жауапкер 19 қараша 2018 жылғы Шымкент қаласының мамандырылған ауданарық экономикалық сотының шешімі негізінде «Т.М.М. Береке» ЖШС-нен жеке кәсіпкер Б.Ш.Бакировтың пайдасына 14 144 453 теңге және 141 444 теңге мемлекеттік баж төлеуге жұмсалған сот шығындары өндірілген азаматтық ісі бойынша қойылған тыйымдар, мемлекеттік сатып алуға қатысуға кедергі болғанын тұжырымдады. Сол себепті қол хат жазғанын көрсетті.

Алайда сот жауапкердің тұжырымдарын негізге алмайды, себебі АПК 72-бабының талаптарының негізінде дәлелдемелер ұсынбады.

Сонымен қатар, талап қоюшы мен жауапркедің арасындағы қарызға алу туралы қол хат арқылы жасалынған шарт бүгінгі күнде заңды күші бар.

ҚР-ның АК-нің 272 бабының талаптарына сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

ҚР-ның АК-нің 277 бабының 1 тармағына сәйкес, егер міндеттемеде ол орындалатын күн немесе ол орындалуға тиісті уақыт кезеңі көзделсе немесе анықтауға мүмкіндік берсе, міндеттеме сол күні немесе тиісінше сол кезең ішінде кез келген уақытта орындалуға тиіс.

40-20-3-6/80

ҚР-ның АПК-нің 72-бабының 1 тармағына сәйкес, әр тарап өзінің талаптарының және қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуге тиіс.

Осы жағдайды ескере отырып, сот, жауапкерден талап қоюшының пайдасына 18 558 450 тенге қарызды өндіру қажет деп есептейді.

ҚР-ның АПК-нің 117 сәйкес, талап қоюшы мемлекеттік баж төлеуден босатылғандықтан, жауапкерден 185 584 теңге мөлшерінде мемлекеттік баж сомасы өндіріп алынады.

ҚАРАР БӨЛІГІ;

Қазақстан Республикасының азаматтық процестік кодексінің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Бакиров Байтанатар Шакенович, жауапкер Сейтанов Сайлаубай Турсынович қарыз ақша өндіріп алу туралы талап қою арызы, қанағаттандырылсын.

Жауапкер Сейтанов Сайлаубай Турсынович, талап қоюшы Сейтанов Сайлаубай Турсыновичтың пайдасына 18 558 450 (оң сегіз миллион бес жүз елу сегіз мың төрт жүз елу) теңге қарыз ақша өндірілсін.

Жауапкер Сейтанов Сайлаубай Турсыновичтан мемлекеттік пайдасына 185 584 (жүз сексен бес мың бес жүз сексен төрт) теңге 5 тиын мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде, Алматы қаласы Әуезов ауданының № 2 аудандық соты арқылы, Алматы қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына, сот шешіміне апелляциялық шағым берілуі, прокурормен өтінішхат келтіруі мүмкін.

Копия верна
судья
Абимурат Г.М.

Судья **Абимұрат Г.М.**

Шешім 11.11.2020 жылы заңды күшіне енді

Судья Абимурат Г.М.

Прошито,
пронумеровано на
2 листах
Судья
Абимурат Г.М.